

2023–2024 оқу жылындағы әдістемелік және эксперименттік жұмыстар туралы АНЫҚТАМА

Мақсаты:

Бұл анықтама 2023–2024 оқу жылында мектепте жүргізілген әдістемелік, тәжірибелік және стратегиялық бағыттағы жұмыстардың мазмұнын жүйелеу, жас мамандармен, үлгерімі төмен оқушылармен, ата-аналармен және пән мұғалімдерімен жүргізілген іс-шараларды саралау мақсатында әзірленді.

Қамтылатын бағыттар:

- Үлгерімі төмен оқушылармен жүргізілген жұмыс
- Жас мамандар мектебі және тәлімгерлік жүйе
- Интеграциялық сабақтар мен үштілділік тәжірибесі
- Soft Skills бағытындағы тренингтер мен эксперименттік алаң жұмысы
- Қалалық, республикалық байқаулар мен семинарлар
- Ата-аналармен ынтымақтастық және цифрлық технологияларды қолдану

2023–2024 оқу жылында мектептің әдістемелік қызметі білім сапасын арттыру, педагогтердің кәсіби дамуын қолдау, жас мамандарды бейімдеу және үштілділік бағытындағы интеграциялық оқытуды жетілдіру мақсатында ұйымдастырылды. Жыл бойы жоспарлы түрде өткізілген семинарлар, коучингтер, эксперименттік алаң жұмыстары, шығармашылық байқаулар мен ғылыми жобалар – мектеп ұжымының белсенділігін, жаңашылдығын және үздіксіз дамуға деген ұмтылысын айқындайды. Мектептің стратегиялық даму бағытына сай, білім алушылардың оқу жетістіктерін арттыру, үлгерімі төмен оқушылармен жеке жұмыс жүргізу, Soft Skills дағдыларын қалыптастыру және ата-аналармен тиімді ынтымақтастық орнату бағытында нақты нәтижелерге қол жеткізілді.

Ақтөбе қаласының ұйымдары, мекемелері мен тұрғындары арасында өткен «Гүлдер әлемі» қалалық фестивалі, 5 қыркүйек –Қазақстан халқы Тілдер күні мерекесіне орай мектебімізде «Тілім менің -байлығым» тақырыбында әдеби-музыкалық кеш ұйымдастырылды. «МЕКТЕП-АТА-АНА -ОҚУШЫ» одағын тығыз қалыптастыру және класс akkaуынтын белсенді жүргізетін класс жетекшілерді анықтау мақсатында «Үздік INSTAGRAM-2023»байқауы ұйымдастырылып, қорытындысы шығарылды. 9-11 кластар арасында жалпы білім беретін пәндер бойынша Республикалық олимпиаданың мектепішілік кезеңінің қорытындысы шығарылды(свод жасалды),жалпы 1 жыл ішінде 148 өзара сабаққа қатыстым.03-04 қазан күні сынама тест алынып, қорытындысы шығарылды.Әр аптаның жұма күні жас мамандарға арналған күн болып жарияланды, яғни бұл күндері мектебіміздің мұғалімдері өз тәжірибелерімен бөлісіп, жас мамандарға әдістемелік көмек көрсетілді.

№ 1 отырыста «Ұстаз қоржыны» тақырыбында әдістемелік көмек көрсетілді.

Күн тәртібінде қаралған мәселелер:

- 1.Ербозымова Мирангуль Нурлановна бекітілген тәлімгермен тәлім алушының бұйрығымен таныстырды
- 2.Сарина Сауле Рзаевна мектептің ішкі тәртіп ережелерімен таныстырды,сонымен қатар тәлімгерлік жоспарды құру үлгісін көрсетті.
- 3.Тарих пәнінің мұғалімі Сыдыкова Алтынгүл Сражевна қысқа мерзімді жоспарды құру үлгісін көрсетіп, жаңа технологияның әдіс-тәсілдерін қолданудың тиімділігі туралы айтты.

№ 2 отырыста «Жаңа форматты сабақтың құрылымы» тақырыбында әдістемелік көмек көрсетілді.

Мақсаты:

Орыс тілі және ағылшын тілі пәні мұғалімдерімен тәжірибе алмасу.

Жас мамандарға әдістемелік көрсету.

- 1.Ербозымова Мирангуль Нурлановна жас мамандардың қысқа мерзімді жоспарды құру барысында жіберетін қателіктеріне тоқталды.
- 2.Орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Байгутдиева Сания Амиржановна өз тәжірибесімен бөлісті. «Тургенев. Воробей» 7 кластағы сабағына талдау жасап, сабақ барысында қолданған жаңа технологияның әдіс-тәсілдерін, тірек сызба «РАФТ» стратегияларын қолдану тәсілдерін жас мамандарға үйретті.

3. Орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Отарбаева Ботакоз Жеткербаевна рефлексияның түрлерімен таныстырып, жас мамандармен жаңа форматта рефлексияның сабақ беру үдерісіндегі маңыздылығы туралы мағлұмат берді.



№ 3 отырыста «Жаңа форматты сабақтың құрылымы» тақырыбында әдістемелік көмек көрсетілді.

Мақсаты: Жас мамандарға сабақ жоспарын құрудың талаптарымен таныстыру, сабақты қорытындылау және талдау жасауға дағдыландыру.

Жас мамандарға көмек көрсету.

Қазақ тілі және математика пәні мұғалімдерімен тәжірибе алмасу.

1. Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Кужахметова Айнуր Самухановна өз тәжірибесімен бөлісті. Инновациялық технологиялардың әдістерін яғни «Бес қадам», «Графикалық диктант», «Мылқау кесте» және интерактивті ойын түрлерін жас мамандарға түсіндіре отырып, практикалық жұмыстар жүргізді. Жаңа технологияның әдіс-тәсілдерін үйрену, қолдану барысында материалдардың тиімді мүмкіндіктерінің жолдарын көрсетті.

2. Ағылшын тілі пәні мұғалімі Утаршиева Гүлзада Серикбаевна 7 сыныпта өткізген «Traveller's tales» тақырыбындағы сабақтың қысқа мерзімді жоспарын талдады. Сабақтың мақсаттары, дескрипторлар, ойын әдістері, жоспар бойынша сабақта қолданылған «Wordwall», «Bilimland» платформалары рефлексия түрлері көрсетілді.

3. Ағылшын тілі пәні мұғалімі Қуатбаева Саяжан Каирғалиевна жас мамандарға «Рефлексия билетін» үйлестірді. Өткізілген отырыс бойынша жас мамандар отырыстан «Менің ұққаным», «Алдыңғы отырыстан күтетінім» аталатын парақтарға өз ұсыныстарын, пікірлерін қалдырды.

№ 4 отырыста «Әр сабақ-мұғалімнің ізденісінің жемісі» тақырыбында отырыс өтті.

Мақсаты:

Қазақ тілі мен әдебиеті, математика пәні мұғалімдерімен тәжірибе алмасу.

Жас мамандарға әдістемелік көмек көрсету.

Ербозымова Мирангуль Нурлановна (мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары) «Е-портфолио дайындаудың әдістемелік негіздері» тақырыбында жас мамандарға әдістемелік көмек көрсетті. Алшағырова Тұрсынгуль Серікбайқызы «Бағалау және оның түрлері», Оразова Айнуір Қартбайқызы «Оқушының білім жетістігін бағалауда дескрипторларды қолдану» тақырыбында жұмыстарын көрсетті. Бозшина Айымгуль Жауынбаевна рефлексия бөлімін жүргізді.

№ 5 отырыста «Әр сабақ – мұғалімнің ізденісінің жемісі» тақырыбындағы әдістемелік көмек көрсетілді. Мақсаты: Химия пәні мұғалімдерімен тәжірибе алмасу. Жас мамандарға әдістемелік көмек көрсету.

Тажмаганбетова Мирангуль Жамбыловна «Сабақ мақсатына негізделген тапсырмаға сай дескриптор құру», Тамбаева Камшат Казыбаевна «Критериалды бағалау жүйесін химия пәнін оқытуда қолдану» тақырыбында баяндама оқып, тәжірибелерімен бөлісті.



№ 6 отырыста «Сабақ беру жаңадан жаңаны табатын өнер» тақырыбында отырыс өтті.

Мақсаты:

Жаратылыстану пәні мұғалімдерімен тәжірибе алмасу.

Жас мамандарға әдістемелік көмек көрсету.

Мажитова Шынарғуль Умирзаковна «География сабағында қолданылатын тиімді әдіс-тәсілдер», Кеулова Айгерим Максотовна «География сабағында оқушылардың танымдық әрекетін дамыту» тақырыбында жұмыстарын көрсетіп, рефлексия жүргізді



2023-2024 оқу жылының басында жас мамандармен жүргізілетін жұмыс жоспары бекітіліп, жас мамандардың тізімі жинақталды. Тәлімгер мен тәлім алушыларға үлгі жоспар жіберілді, ҚР білім беру ұйымдарында ғылым негіздерін оқыту туралы 2023-2024 оқу жылына арналған нұсқау хатпен мектеп ережесімен таныстырылды. Жас мамандарға арналған инстаграмм парақшасы жасақталды. Категориясы жоқ және модератор педагогтер үшін, ББЖ ұйымдастырылды, тізімі жинақталып, қорытындысы уақытылы жасалды..

Ресми құжаттар: бұйрық, сұраныс уақытылы жіберіліп отырды. Мұғалімдерді өз іс-тәжірибесін насихаттау мақсатында қалалық, облыстық байқауларға, семинарларға қатысуы уақытылы жүргізіліп отырды. Мектепшілік бақылау жұмыстары ұйымдастырылды.

24.11.23 күні "Сабақ беру - жаңадан жаңаны табатын өнер" тақырыбында жас мамандарға арналған отырыс өтті.

*Мақсаты: Жаратылыстану пәнінің мұғалімдерімен тәжірибе алмасу.

Жас мамандарға әдістемелік көмек көрсету.

*География пәнінің мұғалімі Ш.У. Мажитова география сабағында қолданатын тиімді әдіс-тәсілдердің түрлерін, "Ментальды карта", РАФТ" әдістері және осы әдістердің көмегімен оқу мақсаттарына жету, игеру жолдарын айтып жас мамандармен практикалық жұмыстар жүргізді.

*География пәнінің мұғалімі А.М. Кеулова география сабағында оқушылардың танымдық әрекетін дамыту жолдары айтылып, "Тарсия", "Роунд Робин" әдісі арқылы сабақты бекіту, қорытындылау түрлері көрсетіліп, "Padlet" тақтасы арқылы рефлексия алынды.

Мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары: М.Н. Ербозымова, С.Р. Сарина

Кафедра апталықтары бойынша жас мамандарға кесте құрылып, сабақтарға қатысты

Әдістемелік кафедра бірлестігінің 2023-2024 оқу жылындағы отырысына арналған жоспар жасақталып, кафедра меңгерушілеріне жіберіліп отырды. "Ұстаз еңбегі шығармашылық ізденісте" тақырыбындағы әдістемелік кафедра арасында байқау ұйымдастырылды.

Жас мамандарға арналған 1-ші және 2-ші жарты жылдықта апталықтар ұйымдастырылды.

Тақырыбы: "Жаңашыл Қазақстан - жаңашыл жастар"

Мерзімі: 27.11. – 02.12. 2023

Мақсаты:

- ✓ Жас мамандардың өзара іс-тәжірибе алмасуын жандандыру
- ✓ Жас мамандардың кәсіби шеберліктерін арттыра түсу;

Міндеттері:

- ✓ Ашық сабақтар мен сыныптан тыс іс-шараларды түрлендіріп өткізу;
- ✓ Оқушылардың пәндік білім, білік дағдыларын тереңдету, қызығушылығын ояту, ой-өрісін дамыта түсуге дағдыландыру
- ✓ Сыныптан тыс жұмыстар арқылы оқушылардың танымдық белсенділігін, шығармашылық қабілетін арттыру, талантты оқушыларды айқындау.

2023 жылдың 27 қараша күні "Жаңашыл Қазақстан-жаңашыл жастар" жас мамандар апталығының жоспарына сәйкес ағылшын тілі пәні мұғалімдері Куатбаева Саяжан Кайргалиқызы, Кобланова Айгуль Аубекерқызы, орыс тілі пәні мұғалімдері Дүйсембина Гульдана Шамильқызы, "Жаңа технология іс-тәжірибеде" тақырыбында коучинг сессия өтті. Коучтер өз тәжірибесімен бөлісіп, оқытудағы әдіс-тәсілдерді көрсетті.

Тақырыбы: «Жастық жігер жалында!»

Мерзімі: 11.03. – 16.03.2024

Мақсаты:

-Жас маманның сабақ беру әдіс-тәсілін байқау, әдістемелік көмек көрсету, өзара тәжірибе алмасу.

-Теориялық білімдерін практикада қолдану, саралау және ерекшеліктеріне назар аудару.

Міндеттері:

-Мұғалімнің кәсіби білімділігін, әдістемелік шеберлігін жетілдіру бағытын дамыту;

-Жас маманның оқыту, оқу-тәрбие қызметін ұйымдастыру деңгейін арттыруға әдістемелік көмек көрсету;

16 наурыз күні «Жастық жігер жалында!» тақырыбында жас мамандар апталығының жабылу салтанаты өтті. Апталық барысында өткізілген іс-шаралар бойынша оқушылар, тәлімгерлер және жас мамандар алғыс хаттармен марапатталды. Сонымен қатар лотерея ұтысы бойынша мұғалімдерге киноға баруға сертификаттар табысталды.

Мектебімізде «Үздік жас маман-2023» атты марафонды қорытындылау кеш өтті. Кеште «Жас мамандар мектебі» қоғамдастығы мүшелеріне арналған жыл сайынғы дәстүрлі «Үздік жас маман» мектепшілік байқау-марафонының нәтижесі де қорытындыланды. Байқау-марафонға педагогикалық еңбек өтілі 5 жылды құрайтын мектептің жас мамандары қатысты. Әр кезең бойынша «үздік» деп танылғандар келесі кезеңге өткізіліп отырды. Байқау-марафонға қатысым барысында жас мамандардың әрбір іс-әрекетінде педагогикалық шеберлігі мен эстетикалық тәрбие мәні бар сәттердің болуы, жас мамандардан құрылған микротоптар арасында оң көзқарастың (жағымды ахуалдағы) өзара әрекеттестігі (ынтымақтастығы)

жүйесінің болуы, жас мамандар іс-тәжірибе алмасуының ақпараттық ашықтығы (бейне материалдардың YouTube және Instagram арналарында, сонымен қатар БАҚ-та жариялануы) ескерілген. Жас мамандардың жұмысы бойынша еңбектері бағаланды. Кеш соңында сөз алған мектеп басшысы ұстаздықты жүрек қалауымен таңдап алған жас мамандарды ұжымдық ортаға бейімдеу, жас маманның кәсіби және психологиялық бейімделуі, жас маманның шығармашылық қызметінің өзіндік өрнегін қалыптастыру үшін жағдай жасау, үздіксіз білім алуға деген қажеттілік пен ынталандыруды дамыту бағытындағы жұмыстардың алдағы уақытта да тоқтамайтындығын атап өтті.

№ 2 әдістемелік кеңесте сынама тест қорытындысы бойынша баяндама оқылды, өндірістік кеңесте ағылшын тілі кафедрасы мұғалімдерінің үлгерімі төмен оқушылармен жүргізілген жұмысының қорытындысы тыңдалды.

«Өз мектебіңнің ерекшелігін көрсет» атты республикалық конкурсқа мектебіміздің бірқатар ұстаздары мен оқушылары қатысты. Байқаудың басты мақсаты-мұғалімдер мен оқушылардың шығармашылық қабілеттерін арттыру, өз мектебінің мәртебесін көтеру, оқушылардың командада жұмыс істеуіне, топтық белсенділікке, жинақылыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Еліміздің түпкір-түпкірінен қатысқан 200-ге жуық мектептің арасынан жүлделі орынға және кубокқа ие болдық. Біздің мектеп республикалық дәрежеде жүлделі орынға ие болуы біздің ұжымның жоғары білім деңгейінің, шығармашылық әлеуетінің және күшейтілген жұмысының дәлелі болып табылады.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі мен "ӨРКЕН" балалардың әл-ауқатын арттыру ұлттық, ғылыми-практикалық институты ұйымдастырған «Педагогтер мен ата-аналар: балалардың қызығушылығы негізіндегі ынтымақтастық» Республикалық байқауына мектебіміздің ұстаздары қатысып, жақсы нәтиже көрсетті.

«Ата-аналармен жұмыс жасаудағы мұғалімнің шығармашылық, қозғалысы» номинация иегерлері: Изтлеуова Самал Косаевна, Азилхан Томирис Тимурқызы

«Ата-аналармен жұмыс жасауда интербелсенді әдістерді қолдану» номинация иегері:

Тажмаганбетова Мирамгуль Жамбыловна

«Ата-аналармен жұмыс жасауда цифрлық технологияларды қолдану» номинация иегері

Иманбаева Самал Кайратовна

«Ата-аналармен жұмыс жасаудағы ұлттық құндылықтардың тәрбиелік әлеуеті» номинация иегері: Сабыр Жадра Сабырқызы

«Еңбек адамы» ұлттық энциклопедиясы: ҚР білім беру саласының үздік қызметкерлері» жинағына қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері Романова М.К және Сырбаева С.М. қатысып, нәтижесінде жетістіктері республика көлемінде іріктеліп, жұмыстары бағаланып, энциклопедияға жетістіктері жарияланды.

Эксперимент алаңында орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі С.А. Байгутдиева мен қазақ тілі және әдебиеті пәнінің мұғалімі Б.Е. Канаева, 7 "К" класында "Домбыра - ұлттық мұра" тақырыбында сабақ өткізді. Сабақтың алғашқы бөлімі қазақ тілі пәнінен басталып, жаңа тақырып пен тапсырмалар орындалса, екінші бөлімі орыс тілінде жалғасып, тақырыпқа сай тапсырмалар мен сабақ қорытындысы орыс тілінде қорытындыланды.

Интеграциялық сабақ-пәнаралық байланысты жетілдіру мақсатында мектебімізде 6 "Ә" сыныбында "Абай шығармаларындағы жыл мезгілдері" тақырыбында орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Дуйсенбина Г және қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Альжанова М және ағылшын тілі пәнінің мұғалімі Сәрсенбайқызы Г ұйымдастыруымен кіріктірілген сабақ өткізілді. Оқыту мақсатына сәйкес оқытушылар білім берудің тиімді әдістерін сабақ барысында қолданды. Оқушылар қазақ тілінде мәтінмен жұмыс жасап, орыс тілінде мақал мәтелдерді тауып, ағылшын тілінде сұрақтарға жауап берді.

Интеграциялық сабақ-пәнаралық байланысты жетілдіру. Оқу материалдарын бағдарламаға сай пәндер бойынша біріктіріп беру оқушылардың жан-жақты тұтас, терең және берік білім алуына мүмкіндік жасайды. Осыған орай мектебімізде 7 "Ә" сыныбында "Endangered species" тақырыбында ағылшын тілі пәнінің мұғалімі, педагог-зерттеуші Куатбаева С.К, орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, педагог-зерттеуші Жаймаганбетова Ж.Т және қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Алишева А. М ұйымдастыруымен кіріктірілген сабақ өтті. Оқыту мақсатына сәйкес оқытушылар білім берудің тиімді әдістерін сабақ барысында қолданды. Оқушылар ағылшын тілінде мәтінмен жұмыстанып, орыс тілінде жоба қорғап, қазақ тілінді ой толғаумен бөлісті.

Үш тілді білім беру – тұлғаны қалыптастырудың негізі. Қазіргі оқу үрдісінде пәндердің мазмұнын кірістіру өзектілігін одан әрі арттырып, осы үрдісті ақпараттық оқыту құралдарымен

пән мазмұнына сай жасақталу мәселені шешумен ұштастыру керек етіп отыр. Осы ретте мектебімізде Эксперимент алаңы өтіп жатыр. Қазақ тілі мен орыс тілі және ағылшын тілі пәндерін кіріктіру арқылы материал мазмұнының тереңдігін және оны саналы меңгеруді қамтамасыз ету мақсатында 7 «Г» класында “Smog in the city” атты сабақ өткізілді. Сабақты ағылшын пәні мұғалімі А.А Қобланова ағылшын тілінде бастап, бірнеше тапсырмалар орындатты. Сабақтың келесі бөлімі қазақ тілінде жалғасын тапты. Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі А.Ж Бозшина оқушылардың өз сыни пікірлері мен ойларын еркін түрде білдіру, айтылым дағдысын қалыптастыру мақсатында «Балық қаңқасы» әдісін пайдаланды. Сабақтың соңғы бөлімін орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Б.Ж. Отарбаева орыс тілінде бекіту тапсырмалары мен кері байланыс алып қорытындылады.

«Soft skills технологияларын заманауи мұғалімнің практикасына енгізу» тақырыбындағы тәжірибелік- эксперименттік алаңы бойынша оқушылардан психологтармен бірлесіп, сауалнама алынды.

«Қазақ,орыс, ағылшын тілдерін интеграциялап оқытуда заманауи технологияларды қолдану» тақырыбындағы тәжірибелік- эксперименттік алаңы бойынша оқушылардан психологтармен бірлесіп, сауалнама алынды.

4 наурыз күні қалалық «Әдістемелік кабинет» КММ-нің жоспарына сәйкес мектебімізде жаратылыстану әдістемелік кафедрасының «Жаратылыстану пәндерін оқытудағы тиімді әдіс-тәсілдерді пайдалану» тақырыбында қалалық семинар өтті.Семинардың мақсаты:Жаратылыстану пәндерін оқытудағы жаңа технологияларды және белсенді әдіс-тәсілдерді мұғалімдердің іс-тәжірибесі арқылы алмасу.Семинарды әдістемелік кабинет әдіскері А.С.Садыкова мен мектеп-гимназия директорының оқу ісі жөніндегі орынбасарлары М.Н.Ербозымова мен Н.К.Давлетова алғыс сөзбен ашты.

Қалалық «Әдістемелік кабинет» КММ-нің жоспарына сәйкес география пәнінің мұғалімі Атығай Гүлбақыт Сайранқызы 8 «Ж» класында «Эндокринді бездер қызметінің бұзылтуынан туындаған аурулар» тақырыбында ашық сабақ,география пәнінің мұғалімі Әуес Қызғалдақ Нұрланқызы 8 «Ә» класында «Демографиялық проблемалар» тақырыбында ашық сабақ,биология пәнінің мұғалімі Исенбаева Айсулу Бекмырзаевна 7 «Ә» класында «Адам ағзасы үшін ұйқының маңызы.Биологиялық ритмдер. Ұйқының кезеңдері: баяу және жылдам ұйқы. Жұмысқа қабілеттілік. Күн тәртібі» тақырыбында ашық сабақ,география пәнінің мұғалімі Кеулова Айгерим Максотовна 11 «Ә» класында «Қазақстанның геосаяси интеграциясы» тақырыбында ашық сабақ өткізді. География пәнінің мұғалімі Мажитова Шынаргуль Умирзаковна, химия пәнінің мұғалімдері Тамбаева Камшат Казыбаевна, Тұрғанбаева Гүлбақыт Саматқызы «Тиімді әдіс-тәсілдер сапалы сабақ кепілі» тақырыбында коучинг өткізді. Семинар соңында шараға қатысқан педагогтерден «Padlet» тақтасы арқылы кері байланыс алынып,әдістемелік кабинет әдіскері А.С.Садыкова жасалған жұмысты түйіндеді.Семинарға қатысқан қала мектептерінен келген ұстаздар жылы лебіздерін білдіріп,шараға оң бағасын берді. Химия пәнінің мұғалімі Тажмаганбетова Мирамгуль Жамбыловна 9 «Б» класында «Ағзадағы кейбір элементтерді анықтау. № 14 зертханалық тәжірибе» «Сүйек құрамындағы кальцийді анықтау» № 15 зертханалық тәжірибе «Тамақ өнімдерінің құрамындағы көміртекті анықтау» тақырыбында ашық сабақ ,химия пәнінің мұғалімі Шамшадин Төребек Мұратұлы 8 «З» класында «Ерітіндідегі заттардың молярлық концентрациясы» № 5 практикалық жұмыс «Пайыздық және молярлық концентрациясы берілген ерітінділерді дайындау»тақырыбында ашық сабақ өткізді.





«Үлгерімі төмен оқушылармен жүргізілетін жұмыс» тақырыбында ағылшын тілі әдістемелік кафедрасы мұғалімдерімен отырыс өтті. Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының Ғылыми-әдістемелік кеңесінің шешімімен ұсынылған (2023 жылғы 25 сәуірдегі # 3 хаттамасы) негізінде 2023-2024 оқу жылында орта білім беру ұйымдарында білім сапасын арттыру, оның ішінде үлгерімі төмен білім алушылармен жұмысты жалғастыру қажет екені көрсетілген. Осы орайда мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасарлары М.Н.Ербозымова және С.Р.Сарина үлгерімі төмен білім алушылармен жұмыс жасау барысы туралы, білім сапасын арттыру, жұмыстың жүргізу қағидаларымен таныстырып, үлгерімі төмен білім алушылармен жұмыс жасауда әр оқушыға назар аудару маңызды екені айтылды. Биылғы 2023-2024 оқу жылында қалалық әдістемелік кабинеттің жоспарына сәйкес қала мектептерінің директордың әдістемелік ісі жөніндегі орынбасарларын қала бойынша 8 микротопқа бөлген болатын. Әр микротопқа белгіленген тақырыптар бойынша тәжірибе алмасу жұмыстары жүргізіліп келеді. 2024 жылдың 11 сәуір күні 7-ші микротоптың семинары ұйымдастырылды. Микротоп мүшесі ретінде мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасарлары М.Н.Ербозымова және С.Р.Сарина өз тәжірибелерімен бөлісті. «Мектептегі жоба - ХХІ ғасырда басқару мен стратегиялық дамудың тетігі» тақырыбында директордың ғылыми-әдістемелік ісі жөніндегі орынбасарларының кезекті микротоптағы тәжірибе алмасу алаңында "Жас мамандар мектебі: әдістеме және тәжірибе" тақырыбында өз жобаларын ұсынды. Жобаның мектеп ашылғалы өткен кезеңдері мен қазіргі күнгі жұмыс барысы таныстырылды. Тыңдаушылар тарапынан оң пікірге ие болып, жас мамандарымыздың ән шашуымен жақсы көңіл-күйде жұмыстың нүктесі қойылды. Жас мамандар мектебіндегі жұмыстар әлі де өз жалғасын таба бермек

Soft Skills (немесе «Икемді Дағдылар») адамның басқалармен қарым-қатынас жасау, тиімді қарым-қатынас жасау, мәселелерді шешу және әртүрлі жағдайларға бейімделу қабілетіне әсер ететін жеке қасиеттерді, сипаттамаларды және дағдыларды білдіреді. 2024 жылдың 29 наурыз күні мектебімізде «SOFT skills» икемді дағдылар тақырыбында эксперименттік алаң мүшелерінің отырысы өтті. Отырыста топтық жұмыстар, жұптық жұмыстар жүргізілді.

Эксперименттік алаң мүшелерінің тілектерін назарларыңызға ұсынамыз:

1. Асел Ертайқызының тілегі:

Бүгінгі отырыстың жөні бөлек,
Soft Skills өмірдің өмірдің мәні дерлік.
Үйретіп әртүрлі дағдыларды,
Жарқырасын білімнің жарқын шамы.

2. Қалқа Мұхамбетжанқызының тілегі:

Шыныменен бұл отырыс жөні бөлек,
Зерделедік маңызы зор тым тың дерек.
Өмірге икемділік қажет, сірә,
Әр әріптес мұны-дағы білу керек.

2024 жылдың 29 наурыз күні “Қазақ, орыс, ағылшын тілдерін интеграциялап оқытуда заманауи технологияларды қолдану” тақырыбында эксперимент алаңы мүшелерінің отырысы өтті.

Отырыс барысында алдағы уақытта атқарылатын жұмыстар талқыланды.

Үштілділік — заманауи білім берудің басымдықтарының бірі.

Үштілділік — бұл заман талабы, ол адамдарға өз білімдерін, дағдыларын кеңейтуге және адамдар арасындағы өзара түсінушілікті дамытуға көмектеседі.

«ҚР білім беру саласы үздіктерінің «Алтын кітабы» республикалық жинағына 27 педагогтардың жетістіктері жіберілді. Инклюзив курсы бойынша 168 мұғалім курстан өтті.

“Қазақ, орыс, ағылшын және неміс тілдерін интеграциялап оқытуда заманауи технологияларды қолдану” тақырыбындағы 2023-2026 жж эксперимент алаңының мамыр айындағы жоспары

бойынша “Дарынды бала-ел болашағы” атты ғылыми жоба қорғау жұмысы өтті. Ағылшын тілінен “ Learning English through movies “ тақырыбында 9 “В” класс оқушы Жақсылық Мадияр өз жобасын ұсынды. Ғылыми жоба мақсаты оқушылар арасында ағылшын тілін меңгерудің жолдарын жеңілдету және қызықты жолдарын іздестіру. Ағылшын тілін білу мен оның қолдану маңыздылығын арттыру. Ағылшын тілін үйренудің өзектілігі мен жаңашылдығын көрсету. ағылшын тілі пәні мұғалімі Утаршиева Гульзада Серикбаевна эксперименттік алаң мүшелерімен "Көңілді күн" атты психологиялық тренинг өткізді. Бұл тренингтің мақсаты: Өзара қарым - қатынас қабілеттерін дамыту; жақсы көңіл-күй, жағымды психологиялық ахуал орнату; бой сергіту, шаршаңқылықты басу.

Тренинг барысында "Майлықтар", "Комплименттер", "Орнымызбен алмасайық" әдістері мен "Кубик" рефлексиясы қолданылды.Тәжірибелік-эксперименттік алаңына қатысушы Сәрсенбайқызы Гүлсезім “Сәтті өмірдің кепілі- үштілділік” тақырыбында 6 Ә класс оқушыларына зияткерлік сайыс өткізді. ♣Сайыс кезеңдері: “Буындардан сөз құра”, “үш тілде берілген мақалдардың сөздерін үш тілде айту”, “Find the odd words”, “Complete the words”♣ Сайыс соңында оқушыларға диплом берілді.Тәжірибелік-эксперименттік алаңдағы кластар арасында үштілділік негізінде олимпиада өтті. Олимпиадаға қатысқан оқушылар қазақ, орыс, ағылшын тілдері пәнінен грамматикалық тақырыпта тест тапсырмаларын орындап, оң нәтиже көрсетті.

1-орын Серікбаева Назерке 7 “Г” класс оқушысы;

2-орын Әлихан Арайлым 7 “ Г” класс оқушысы;

3-орын Мақсат Жанар 7 “ Ә” класс оқушысы

Қорытынды:

2023–2024 оқу жылында атқарылған жұмыстар мектептің әдістемелік қызметінің жүйелі түрде ұйымдастырылғанын көрсетеді. Жас мамандардың кәсіби шеберлігін арттыру, пән мұғалімдерінің тәжірибе алмасуы, оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту және үштілділік негізінде білім беру – мектептің сапалы білім мен тәрбие берудегі басты ұстанымдарының бірі болды.

Ұжымның белсенділігі, жаңашыл көзқарасы және ынтымақтастығы нәтижесінде мектеп қалалық, облыстық және республикалық деңгейде өз жетістіктерімен танылды. Әрбір мұғалімнің шығармашылық ізденісі мен кәсіби жауапкершілігі – мектептің дамуына қосылған зор үлес.

Ұсыныстар:

- Үлгерімі төмен оқушылармен жұмысты жеке бағытта жалғастырып, психологиялық қолдау тетіктерін күшейту;
- Жас мамандар мектебінің жұмысын кеңейтіп, тәжірибелі ұстаздармен тәлімгерлік жүйесін нығайту;
- Интеграциялық сабақтарды пәндер аясында тұрақты түрде өткізіп, үштілділік бағытындағы әдістемелік құралдар базасын толықтыру;
- Soft Skills дағдыларын дамытуға арналған тренингтер мен практикалық сабақтарды жиі ұйымдастыру;
- Ата-аналармен ынтымақтастықты арттыру мақсатында цифрлық платформалар мен интерактивті әдістерді кеңінен қолдану;
- Мектептің жетістіктерін БАҚ пен әлеуметтік желілерде жүйелі түрде жариялап, қоғаммен байланыс арнасын белсенді жүргізу.

Мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары: Сарина С.Р.